

## Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 26/198-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қалалық Әділет басқармасында 2018 жылғы 11 желтоқсанда № 5-3-133 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы № 15/91-VIII шешімі.

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 21.02.2024 № 15/91-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің 510 - бабы 1 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабы 1- тармағы 15) тармақшасына сәйкес Курчатов қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес түзету коэффициенттерін қолдана отырып, Курчатов қаласының жер - бағалау аудандары бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелері арттырылсын.

2. Курчатов қалалық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы № 16/120-IV " Жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-3-68 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 17 наурызда "Дидар", "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған), 2018 жылғы 4 мамырдағы № 20/154-VI "Жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Курчатов қалалық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы № 16/120-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-3-122 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 28 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде, 2018 жылғы 23 мамырда " Мой край" газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы  
Курчатов қалалық мәслихатының  
Хатшысы

Т. Жақсыбаев

Г. Қарымбаева

Курчатов қалалық  
мәслихатының  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 26/198-VI  
шешіміне қосымша

**Курчатов қаласының жер - бағалау аудандары бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері**

№ р/с	Жер - бағалау аудандары	Жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері
1	I	1.5
2	II	1.5
3	III	1.5
4	IV	1.5
5	V	1.4
6	VI	1.4
7	VII	1.4
8	VIII	1.4
9	IX	1.3.
10	X	1.3.
11	XI	1.3.